

## Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 200 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 мамырда № 11220 тіркелді

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықта 1-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үйымдарға құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету стандарты;

2) осы бұйрықта 2-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету стандарты;

3) осы бұйрықта 3-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету стандарты бекітілсін.

2. Кәсіптік-техникалық және орта білімнен кейінгі білімді жаңғыру департаменті (Мадеев С.М.) белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрі

A. Сәрінжіпов

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрі  
Ә Исекешев  
«\_\_\_» 2015 жыл

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасы  
Экономика министрі  
Е. Досаев  
«\_\_\_» 2015 жыл

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 14 сәуірдегі

**«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
  2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
  3. Мемлекеттік қызметті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
- Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:
  - 1) мыналарға түсестін көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап:
    - кундізгі оқу нысанына – 20 маусым мен 20 тамыз аралығында;
    - сырттай (кешкі) оқу нысанына – 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында;
  - 2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;
  - 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орнына құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат болып табылады.

Мемлекеттік қызмет беру нәтижесі: қағаз жүзінде.  
Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз жүзінде.
7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
  8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереke күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда көрсетілетін қызмет берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, сағат 13.00-ден сағат 14.30-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден сағат 18.00-ге дейін.

Алдын ала жазылу және жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.
  9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:
    - 1) қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;
    - 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
    - 3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;
    - 4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) флюросуреті қоса берілген 086-У нысанындағы медициналық анықтама (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);
    - 5) ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің сертификаты (бар болса);

6) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін).

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын – босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) оралман – оралман куәлігі.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

- 1) тапсырылған құжаттардың тізбесі;
- 2) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері көрсетіледі.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртіби**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде шағым жазбаша түрде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, сондай-ақ республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауп алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің кеңесесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

### **4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар**

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) интернет-ресурсында:

- 1) 01000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8  
телефон: +7 (7172)742-425

e-mail: pressa@edu.gov.kz.

2) мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 2-қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес ЖАО-ның интернет-ресурстарында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz). интернет-ресурсында орналастырылған, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нисан

**Көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттардың алынғаны туралы қолхат**

Оқу орны \_\_\_\_\_  
(оқу орнының атауы)

(елді мекен, аудан, қала және облыс атауы)  
Құжаттардың қабылданғаны туралы № \_\_\_\_\_ қолхат  
\_\_\_\_\_ мынадай құжаттар алынды:  
(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болса)  
1. Өтініш  
2. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Қабылдады Т.А.Ә. (бар болса) \_\_\_\_\_ (қолы)

20\_\_ ж. "\_\_" \_\_\_\_\_

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

**Облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының тізімі**

№	Өнірдің атауы	Телефон	Заңды мекен-жайы	Сайт

1.	Ақмола облысы	8(7162)401402	020000, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89А	<a href="http://www.akmo.kz">www.akmo.kz</a>
2.	Ақтөбе облысы	8(7132)560474	030010, Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан көшесі, 40	<a href="http://www.akto.kz">www.akto.kz</a>
3.	Атырау облысы	8(7122)354965	060010, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77	<a href="http://www.atyrauobl.kz">www.atyrauobl.kz</a>
4.	Алматы облысы	8(7282)272731	040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26	<a href="http://www.almaty-reg.kz">www.almaty-reg.kz</a>
5.	Шығыс Қазақстан облысы	8(7232)570151	070019, Өскемен қаласы, К.Либкнект көшесі, 19	<a href="http://www.akimvko.gov.kz">www.akimvko.gov.kz</a>
6.	Жамбыл облысы	8(7262)431552	080008, Тараз қаласы, Абай көшесі, 125	<a href="http://www.zhambyl.kz">www.zhambyl.kz</a>
7.	Батыс Қазақстан облысы	8(7112)260468	090000, Орал қаласы, Почиталин көшесі, 72	<a href="http://www.western.kz">www.western.kz</a>
8.	Қарағанды облысы	8(7212)425443	100012, Қарағанды қаласы, Әлихан көшесі, 19	<a href="http://www.karaganda-region.kz">www.karaganda-region.kz</a>
9.	Қызылорда облысы	8(7242)272934	120003, Қызылорда қаласы, Абай көшесі, 48	<a href="http://www.kyzylorda.kz">www.kyzylorda.kz</a>
10.	Қостанай облысы	8(7142)575310	110000, Костанай қаласы, Әл-Фараби көшесі, 56	<a href="http://www.kostanay.kz">www.kostanay.kz</a>
11.	Манғистау облысы	8(7292)435100	130000, Ақтау қаласы, 13 шағын ауд./47-ғимарат	<a href="http://www.mangystau.kz">www.mangystau.kz</a>
12.	Павлодар облысы	8(7182)320965	140009, Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі, 32	<a href="http://www.pavlodar.kz">www.pavlodar.kz</a>
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	8(7152)463288	150011, г. Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 58	<a href="http://www.akimat-sko.kz">www.akimat-sko.kz</a>
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	8(7252)563247	160007, Шымкент қаласы, Республика даңғылы, 12 А	<a href="http://www.ontustik.gov.kz">www.ontustik.gov.kz</a>
15.	Астана қаласы	8(7172)556851	010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11	<a href="http://www.astana.kz">www.astana.kz</a>
16.	Алматы қаласы	8(727)2716509	050001, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4	<a href="http://www.almaty.kz">www.almaty.kz</a>

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 200 бұйрығына  
2-қосымша

**«Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті жатақханасы бар техникалық және кәсіптік білім беру үйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртіби

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында білім алушылар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - 10 жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында білім алушыларға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жатақхана беру туралы жолдама.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен сенбіні қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Алдын ала жазу және жедел қызмет көрсету көзделмеген.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үйім басшысының атына жатақханадан орын беру туралы өтініш;

2) отбасы болған жағдайда, отбасының құрамы туралы анықтама;

3) ата-анасының (ата-аналарының) қайтыс болуы туралы күәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);

4) отбасында 4 немесе одан да көп баланың болуы туралы анықтама (көпбалалы отбасылардан шыққан балалар үшін);

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 142-І бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9377 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігін раставу туралы анықтама;

6) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алу үшін құқықты раставу туралы анықтама немесе жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жоқтығы туралы анықтама;

7) жеке басын куәландыратын құжат (салыстыру үшін).

Құжаттардың қабылданғанын раставу құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, сондай-ақ мөртәнба, кіріс нөмірі және күні көрсетіле отырып, қолхат беру болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртіbi

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым жазбаша түрде:

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының, сондай-ақ республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқаруышы органды басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауп алу мерзімі мен орны көрсетіліп, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңесесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын раставу болып табылады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, жергілікті атқаруышы органды мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің интернет-ресурсында: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі 8, [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz);

e-mail: [pressa@edu.gov.kz](mailto:pressa@edu.gov.kz);

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес жергілікті атқаруышы органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz). интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында білім алушыларға жатақхана беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында  
білім алушыларға жатақханалар беру туралы жолдама

(техникалық және кәсіптік білім беру үйымының атаяу және мекенжайы)

Азамат (-ша) \_\_\_\_\_

/тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

№ \_\_\_\_ жатақханаға орналасуға жіберемін.

Жатақхананың мекенжайы \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ ж. «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ сағатта \_\_\_\_ келуді ұсынамын.

Директор \_\_\_\_\_  
(қолы)

20 \_\_\_\_ ж. «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

М.О.

«Техникалық және кәсіптік білім беру  
үйымдарында білім алушыларға  
жатақхана беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына 2-қосымша

Нисан

\_\_\_\_\_ директоры  
(оку орны директорының Т.А.Ә. (бар болса)  
\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
\_\_\_\_\_ тобының  
студенті \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (бар болса)

## Өтініш

Маған жатақханадан бір орын бөлуінізді сұраймын.

Келу орны \_\_\_\_\_

20 ж. « » \_\_\_\_\_

/қолы/

«Техникалық және кәсіптік  
білім беру үйымдарында білім  
алушыларға жатақхана беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына 3-қосымша

**Облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының тізімі**

№	Өнірдің атауы	Телефон	Мекен-жайы	Сайт
1.	Ақмола облысы	8(7162)401402	020000, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89А	<a href="http://www.akmo.kz">www.akmo.kz</a>
2.	Ақтөбе облысы	8(7132)560474	030010, Ақтөбе қаласы, Әбылқайыр хан көшесі, 40	<a href="http://www.akto.kz">www.akto.kz</a>
3.	Атырау облысы	8(7122)354965	060010, Атырау қаласы, Әйтке би көшесі, 77	<a href="http://www.atyrauobl.kz">www.atyrauobl.kz</a>
4.	Алматы облысы	8(7282)272731	040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26	<a href="http://www.almaty-reg.kz">www.almaty-reg.kz</a>
5.	Шығыс Қазақстан облысы	8(7232)570151	070019, Өскемен қаласы, К.Либкнехт көшесі, 19	<a href="http://www.akimvko.gov.kz">www.akimvko.gov.kz</a>
6.	Жамбыл облысы	8(7262)431552	080008, Тараз қаласы, Абай көшесі, 125	<a href="http://www.zhambyl.kz">www.zhambyl.kz</a>
7.	Батыс Қазақстан облысы	8(7112)260468	090000, Орал қаласы, Почиталин көшесі, 72	<a href="http://www.western.kz">www.western.kz</a>
8.	Қарағанды облысы	8(7212)425443	100012, Қарағанды қаласы, Әлихан көшесі, 19	<a href="http://www.karaganda-region.kz">www.karaganda-region.kz</a>
9.	Қызылорда облысы	8(7242)272934	120003, Қызылорда қаласы, Абай көшесі, 48	<a href="http://www.kyzylorda.kz">www.kyzylorda.kz</a>
10.	Қостанай облысы	8(7142)575310	110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби көшесі, 56	<a href="http://www.kostanay.kz">www.kostanay.kz</a>
11.	Мангистау облысы	8(7292)435100	130000, Ақтау қаласы, 13 шағын ауд. 47-ғимарат	<a href="http://www.mangystau.kz">www.mangystau.kz</a>
12.	Павлодар облысы	8(7182)320965	140009, Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі, 32	<a href="http://www.pavlodar.kz">www.pavlodar.kz</a>
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	8(7152)463288	150011, г. Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 58	<a href="http://www.akimat-sko.kz">www.akimat-sko.kz</a>
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	8(7252)563247	160007, Шымкент қаласы, Республика даңғылы, 12 А	<a href="http://www.ontustik.gov.kz">www.ontustik.gov.kz</a>
15.	Астана қаласы	8(7172)556851	010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11	<a href="http://www.astana.kz">www.astana.kz</a>
16.	Алматы қаласы	8(727)2716509	050001, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4	<a href="http://www.almaty.kz">www.almaty.kz</a>

**Қазақстан Республикасы  
 Білім және ғылым министрінің  
 «Техникалық және кәсіптік білім  
 жүйесінде көрсетілетін мемлекеттік  
 қызмет стандарттарын  
 бекіту туралы»  
 2015 жылғы 14 сәуірдегі  
 № 200 бұйрығына  
 3-қосымша**

# **«Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 № 63 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет)

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «Коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге және Мемлекеттік корпорацияға қажетті құжаттарды тапсыруға сәттен бастап - 20 күнтізбелік күн;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

2) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ен ұзақ уақыты - 10 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 15 минут;

3) көрсетілген қызметті берушіде көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ен ұзақ уақыты - 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 20 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқасы.

Мемлекеттік қызмет нәтижесін беру нысаны: қағаз жүзінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - қызмет алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00 -ге дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден сағат 18.00-ге дейін көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес;

2) Мемлекеттік корпорацияда - еңбек заңнамасына сәйкес, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден сағат 20.00 -ге дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша көрсетіледі, қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз «Электрондық кезек күту» тәртібінде жүзеге асырылады, электрондық кезекті Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы броньдауға болады.

9. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім

туралы құжаттың жоғалу мән-жайлары немесе басқа да себептері (тегінің, атының, әкесі атының (бар болған жағдайда) өзгеруі, құжаттардың қабылданғанын раставу жарамсыздығы немесе оны толтыру кезіндегі қателер) баяндалған өтініш;

2) жеке басын қуәландыратын құжат (салыстыру үшін).

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ, мөртабан, кіріс нөмірі және күні көрсетіле отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беру болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім оқу орны басшысының атына өтініш, онда білім туралы құжаттың жоғалу мән-жайлары немесе басқа да себептері (тегінің, атының, әкесі атының (бар болған жағдайда) өзгеруі, жарамсыздығы немесе оны толтыру кезіндегі қателер) баяндалады;

2) жеке басын қуәландыратын құжат (салыстыру үшін).

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орны таратылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнының орналасқан жеріндегі мұрағатқа жүгінеді.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушы жеке басын қуәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін бір ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды әрі қарай сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорация сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруши көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жібереді.

Мемлекеттік ақпараттық ресурс болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының жеке басын растайтын құжаттың мәліметтерін Мемлекеттік корпорация қызметкері «Электрондық үкімет» шлюзы арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация беретін нысан бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген Тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

### 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша «Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жазбаша түрде:

оны мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының немесе оны алмастыратын адамның атына;

оны мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының, сондай-ақ республикалық маңызы бар қаланың

және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқаруышы органдың атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауп алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде, Мемлекеттік корпорацияда тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымның ілеспе хатына қойылады) шағымның қабылданғанын раставу болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорация мекенжайына келіп түскен шағымы тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымның қаралу нәтижесі туралы дәлелді жауп көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде немесе Мемлекеттік корпорацияда қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушының «Жеке кабинетінде» көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы қосымша ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгі, қаралуы немесе қараудан бас тартылуы туралы жауп) қол жетімді болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде «Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Организм функцияларының тіршілік әрекетін шектейтін денсаулығы тұрақты бұзылған көрсетілетін қызметті алушылар қажет болған жағдайда бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 нөмірлеріне жүгінгенде, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжат қабылдауды олардың тұрғылықты жерінде жүргізіледі.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайларының:

- 1) Министрліктің: [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz);
- 2) Мемлекеттік корпорацияның: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «Жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
1-қосымша

/оқу орны басшысының Т.А.Ә.(егер бар болса) толық/

/көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә.  
(егер бар болса) толық/

/оқу орнының атауы, бітірген жылы/

мамандығы бойынша  
(мамандық атауы)  
өзгерген жағдайда оқу орнының атауы және  
мекенжайы

## Өтініш

Маған \_\_\_\_\_  
/себебін

көрсету/ \_\_\_\_\_ байланысты дипломның  
телнұсқасын беруінізді сұраймын

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды  
құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 ж.  
/қолы/

«Техникалық және кәсіптік білім  
туралы құжаттардың телнұсқаларын  
беру» мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
2-қосымша

Құжаттардың  
қабылданғаны туралы қолхат № \_\_\_\_\_

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы» филиалының № \_\_\_\_\_ бөлімі/  
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім

Одан \_\_\_\_\_ мынадай құжаттар алынды:  
(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

1. Өтініш

2. Басқа \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің/  
білім беру үйімы қызметкерінің Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 \_\_\_\_ ж. «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

«Техникалық және кәсіптік білім  
туралы құжаттардың телнұсқаларын  
беру» мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
3-қосымша

Нысан

Көрсетілетін қызметті алушының  
тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.  
(бар болған жағдайда) немесе көрсетілетін  
қызметті алушы үйімінің атауы

\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

### Құжаттарды қабылдаудан бас тартқаны туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан  
Республикасы Занының 20-бабының 2-тармағын басшылықта ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет»  
мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» филиалының № 60 ғарнізоні (мекенжайы  
көрсетілетін)/ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің «Техникалық және кәсіптік білім туралы  
құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге  
сәйкес \_\_\_\_\_ толық құжаттар топтамасын ұсынбауызызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсету  
үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_;

2) \_\_\_\_\_;

3)....

Осы қолхат әр тараپқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің/  
білім беру үйімы қызметкерінің Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Орындаушының Т.А.Ә.

Телефоны \_\_\_\_\_

Алдың: Т.А.Ә. /көрсетілетін қызметті алушының қолы

20 \_\_\_\_ ж. «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК